



**Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
ФК-21 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ  
ТЕМІРБЕКОВ БЕКЖАН ЖӘНЕ ТЫНЫБАЕВ ЖӘНІБЕК**



# ҚАРЖЫЛЫҚ НАРЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ





# Жоспар

Кіріспе

1 Қаржы нарығының экономикалық мәні мен қызметі

2 Қаржы нарығының құрылымы

3 Қазақстан Республикасының қаржы нарығының ерекшеліктері

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

# ҚАРЖЫЛЫҚ НАРЫҚ



**ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ** – капитал несиелер берушілер мен қарыз алушылар арасында бағалы қағаздарды шығару және сатып алу-сату нысанында қайта бөлінетін несиелер капиталдары рыногінің бір бөлігі. Қаржы нарығының бастапқы және қайталама рыноктардың жиынтығы деп қарауға болады.



# ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ



Қаржы нарығы — өте күрделі жүйе, онда ақша және басқа қаржы активтері нақты тауарлар айналымнан тәуелсіз жеке дербес айналымда. Бұл нарық әр түрлі қаржы құралдарын пайдаланады, онда арнайы қаржы институттар қызмет көрсетеді, инфрақұрылымы әр түрлі және тармақталған. Қазақстандық экономикалық әдебиетте қаржы нарығы әр нысандағы ақша капиталы мен құнды қағаздардың қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастар ретінде көрінеді.

# Қаржы нарығы келесі себептер бойынша экономикада басты рөл атқарады:

- 1) оның арқасында ақша қаражаттарын өндіріске салып, елдің өндіріс қуатын нығайту, қор әлеуетін жинақтау;
- 2) қаржы нарығының көмегімен инвесторларға ең көп пайда әкелетін кәсіпорындар мен салалардың дамуы жеңілдетіледі;
- 3) қаржы нарықтарында іске асырылатын капиталдардың құйылуы ғылыми-техникалық прогрестің (өрлеудің) шапшаңдатуына жағдай жасайды. Қаржы нарығы қаржы қорларының тез қозғалысы мен нәтижелі пайдалануын қамтамасыз етеді.



# Қаржы нарығының міндеттері

Қаржы нарығының негізгі міндеті ақша қаражаттарының иелерден пайдаланушыларға қозғалыстағы делдалдықта тұрады.



# ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ


- реттеушілік – оның көмегімен мемлекеттік басқару органдарының және өзін-өзі реттеу ұйымдарының тарапынан нарықты реттеу жүзеге асырылады;
- ақпараттық – қаржы нарығына қатысушылардың барлығына ақпараттарға толық және теңдей қол жеткізуді қамтамасыз етеді;
- бөлу – қаржы нарығы құралдарының айналысы ақша қаражаттарының экономиканың бір саласынан екіншісіне, нарықтың бір қатысушысынан екіншісіне, бір аймағынан екіншісіне өтуін қамтамасыз етеді және сонымен бірге қаржы ресурстарының бөлінуіне әсер етеді;
- коммерциялық – қаржы нарығындағы жүзеге асырылатын операциялар мәмілеге қатысушылардың барлығына қандайда бір табыс әкеледі;
- баға белгілеу – қаржылық құралдардың бағасы нарықта еркін бәсекелестік жағдайындағы сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қалыптасады.







Қаржы жүйесімен жүзеге асырылатын уақытша бос ақша ресурстарының әр түрлі инвестицияларға айналу процесі қаржы нарығының қызмет етуімен және қаржы институттарының қызметімен тікелей байланысты. Егер қаржы ресурстарын шоғырландыру мен орналастыру процесінде қаржы институттарының негізгі рөлі меншік иелерінен қарыз алушыларға қаражаттардың мүмкіндігінше тиімді өтуін қамтамасыз ету болып табылса, онда қаржы ресурстарын сатушылар мен сатып алушылардың ара-сындағы қаржылық активтер мен міндеттемелердің саудасын ұйымдастыру қаржы нарығының міндеті болып табылады.



**Кесте-**



1-суретте С. Ковалевтың түсіндірмесіне орай, қаржы нарығының жіктеуі келтірілген, сондай-ақ сызбада келтірілген нарықтарға қысқаша сипаттама берілген.

С. Ковалевтың тұжырымдамасына сәйкес валюта нарығы – бұл валюталық құндылығы бар объектілер тауар болып табылатын нарық:

шетелдік валюта (ақшалай белгілер – банкноттар, қазынашылық билеттер, заңды төлем құралдары болып табылатын немесе алынатын, бірақ айырбас-тауға жататын монеталар, шетел мемлекеттерінің ақша бірліктеріндегі, халықаралық немесе есептік ақша бірліктеріндегі шоттардағы құрал);

бағалы қағаздар (чектер, вексельдер, акциялар, облигациялар) және басқа да қарыздық міндеттемелер;

бағалы металдар (алтын, күміс, платина, палладия, иридий, родия, рутения, осмия) және табиғи асыл тастар (алмас, жақұт, зүбәржат, сапфир, александрия, меруерт).

Банктер, биржалар, экспорттаушылар мен импорттаушылар, қаржылық және инвестициялық мекемелер, үкіметтік ұйымдар валюта нарығының субъектілері ретінде болады.

Алтын нарығы – бұл елдің алтын қорын толтыру және жиі-нау мақсаттарында, сондай-ақ бизнесті ұйымдастыру және өнер-кәсіп өндірісінің тұтынуы үшін алтынды сату-сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар саласы.

# ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ҚҰРАМЫ

**Қаржы нарығы құрамына мыналар кіреді:**


- **ақша нарығы;**
- **капиталдар нарығы;**
- **құнды қағаздар нарығы.**



# ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ



# Қаржы нарығы



# АҚША НАРЫҒЫ



- ҚОЛДАҒЫ АҚША НАРЫҒЫ,
- ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАЗЫНА МІНДЕТТЕМЕЛЕР НАРЫҒЫ,
- ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА МІНДЕТТЕМЕ ҚАҒАЗДАР (ВЕКСЕЛЬ) НАРЫҒЫ


# ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР



Құнды қағаздар – нарықта дербес айналысы бар, сату-сатып алу және де басқа мәмілелердің объектісі ретінде бола алатын, мүліктік құқықтарды көрсететін ерекше құжаттар. Құнды қағаздар нарығы аясында меншік қатынастары іске асырылып, экономикалық өсудің қаржы көздері қалыптасып, инвестициялық қорлар шоғырланады.



# Бағалы қағаздар нарығы



# ҚОРЫТЫНДЫ



Қаржы нарығы – капитал несие берушілер мен қарыз алушылар арасында бағалы қағаздарды шығару және сатып алу-сату нысанында қайта бөлінетін несие капиталдары рыногінің бір бөлігі. Қаржы нарығының бастапқы және қайталама рыноктардың жиынтығы деп қарауға болады. Бастапқы рынок бағалы қағаздарды шығару сәтінде пайда болады, оған қаржы қорлары жұмылдырылады. Қайталама рынокта бұл қорлар бірнеше рет қайта бөлінеді. Қайталама рынок биржалық және биржадан тыс рыноктарға ажыратылады. Мамандандырылған қор биржалары болып табылатын биржалық рынокта жетекші компаниялардың акциялары, ал биржадан тыс рынокта түрлі себептермен биржада бағасы белгіленбеген бағалы қағаздар сатып алынады және сатылады.

Институттық тұрғыдан қаржы нарығы несие-қаржы институттары болып табылады, осы институттар арқылы қаржы ағыны меншіктенушілерден қарызгерлерге және керісінше құйылып отырады. Мұндай құйылу қаржы қорларын ешқандай қаржы делдалдарынсыз несие берушілерден тікелей қарыз алушыларға беру нысанында болады. Мүдделердің үйлеспеушілігін қаржы делдалдары жойып отырады, оларға қаржы институттары: коммерциялық банктер, несие одақтары, қор биржалары, қаржы компаниялары, зейнетақы және сақтандыру қорлары, инвестиц. банктер, құрылыс қоғамдары, т.б. жатады. Қаржы делдалдары қажет болған жағдайда қарыз алушылардың елеулі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірнеше несие берушілердің қаражатын біріктіреді және ықтимал қатерді (тәуекелдікті) мойнына алады, сөйтіп, Қ. н-ның тұрақтануында маңызды рөл атқарады.